

А.Д. Серикбаева\* , К.М. Душаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: sd\_aizhan@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАНДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ

Мақалада Қазақстанды цифрландыру жағдайында әлемдік тіл ретіндегі ағылшын тілінің қазақ тіліне әсерін, қазақ тілі иелмендерінің тілдік қолданыстарында орын алған тілдік өзгерістерді анықтауға, қазақ тілінде орын алған тілдік өзгерістерге сипаттама беруге, Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятты, қазіргі Қазақстанда ағылшын тілінің алатын орнын, рөлін зерттеуге арналған. Мақаланың мақсаты мемлекетті цифрландыру үдерісінде ағылшын тілінің қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаятына қалай әсер етеді, қазақ тіл иелмендерінің ағылшын тілін игерудегі кедергілерін анықтау, ағылшын тілінің әсерінен қазақ тілінде орын алған тілдік өзгерістерді анықтау болып табылады. Материалдар ретінде қазіргі қазақ тіліне ағылшын тілінен енген кірме тілдік бірліктер алынды. Жұмыс барысында цифрландыру үдерісі кезінде ағылшын тілінің қазақ тіліне әсерін анықтауда лингвистикалық бақылау, қазіргі тілдік жағдаятты, ағылшын тілінің қазақстандық тілдік жағдаятта алатын орнын зерделеуде сипаттау әдісі, қазақ тіліне ағылшын тілі арқылы енген сөздерді анықтауда жинақтау, жүйелеу, талдау әдістері қолданылды. Мақалада ағылшын тілінің қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаятында алатын орнына егжей-тегжейлі сипаттама берілді, Қазақстан азаматтарының тілдерді білуінің статистикалық зерттеу мәліметтері келтірілді, әлемдік сауда, мәдениетаралық коммуникация, білім берудегі коммуникация, ІТ және цифрлық технологиялардың дамуы Қазақстанда ағылшын тілінің қарқынды енуіне қолайлы жағдай тудыратын фактор ретінде қарастырылды. Сонымен қатар әлемдік тіл ретіндегі ағылшын тілінен төнетін сын-қатерлер де айқындалды. Мақаланың нәтижелерін филологиялық білім беруде, тілдік жоспарлау саясатын жүргізуде қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** жаһандық тіл, тілдік қатынас, тілдердің араласуы, тілдік өзгерістер, қазақ тілі, цифрландыру, жаңа тілдік бірліктер.

A.D. Serikbayeva\*, K.M. Dushaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: sd\_aizhan@mail.ru

### The impact of English on the modern Kazakh language in the context of digitalization of Kazakhstan

The article is devoted to the influence of English as a world language on the Kazakh language on the digitalization of Kazakhstan, to identify linguistic changes in the linguistic use of the owners of the Kazakh language, to characterize the linguistic changes that have occurred in the Kazakh language, to study the current language situation in Kazakhstan. The purpose of the article is to determine how the English language affects the language situation in modern Kazakhstan in the process of digitalization of the state, to identify barriers to the development of the English language by Kazakh language owners, to identify language changes in the Kazakh language under the influence of the English language. The materials were borrowed from the English Language units of the modern Kazakh language. In the course of the work, linguistic control was used to determine the influence of the English language on the Kazakh language during the digitalization process, the method of description in the study of the current language situation, the place of the English language in the Kazakh language situation, methods of collection, systematization, analysis in determining the words that entered the Kazakh language through the English language. The article provides a detailed description of the place of the English language in the language situation in modern Kazakhstan, provides data from statistical studies of language proficiency of citizens of Kazakhstan, World Trade, intercultural communication, the development of communication, it and digital technologies in education was considered as a factor that creates favorable conditions for the rapid penetration of the English language in Kazakhstan. In addition, the challenges of English as a world language were considered. The results of the article can be used in philological education, in conducting language planning policies.

**Key words:** global language, language communication, mixing of languages, language changes, Kazakh language, digitalization, new language units.

А.Д. Серикбаева\*, К.М. Душаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

\*e-mail: sd\_aizhan@mail.ru

### Влияние английского языка на современный казахский язык в условиях цифровизации Казахстана

Статья посвящена изучению влияния английского языка как мирового языка на казахский язык в контексте цифровизации Казахстана, выявлению языковых изменений, произошедших в языковом пользовании носителей казахского языка, описанию языковых изменений, произошедших на казахском языке, изучению современной языковой ситуации в Казахстане. Целью статьи является изучение того, как английский язык влияет на языковую ситуацию современного Казахстана в процессе цифровизации государства, выявление барьеров для владения английским языком казахскими языками, выявление языковых изменений, происходящих в казахском языке под влиянием английского языка. В качестве материалов были использованы языковые единицы, вошедшие в современный казахский язык с английского языка. В ходе работы применялись лингвистический контроль при определении влияния английского языка на казахский язык в процессе цифровизации, методы описания современной языковой ситуации, места английского языка в казахстанской языковой ситуации, методы обобщения, систематизации, анализа при определении слов, вошедших в казахский язык через английский язык. В статье дана подробная характеристика места английского языка в языковой ситуации в современном Казахстане, приведены статистические данные изучения знания языков гражданами Казахстана, представлена информация о мировой торговле, межкультурной коммуникации, развитие коммуникаций, IT и цифровых технологий в образовании рассматривалось как фактор, создающий благоприятные условия для интенсивного проникновения английского языка в Казахстан. Также были рассмотрены вызовы английского как мирового языка. Результаты статьи могут быть использованы в филологическом образовании, при проведении политики языкового планирования.

**Ключевые слова:** глобальный язык, языковой контакт, смешение языков, языковые изменения, казахский язык, цифровизация, новые языковые единицы.

#### Кіріспе

Жаһандану үдерісі ұлттардың, түрлі мәдениет пен тілдердің қарқынды араласуының негізгі қозғаушы факторына айналды. Жаһандану барысында іргелес тіл кеңістігіндегі бір немесе екі, одан да көп тілдің тілдік байланыстары кеңейіп, тереңдей түсті. Нәтижесінде фонетикалық, лексикалық, семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық және дискурс деңгейлерінде тілдік өзгерістер орын алды, бір тілдің немесе бірқатар тілдердің құрылымына, сөздік қорына және қызметіне әсер етті. Мұндай үдеріс нәтижесінде қазіргі кезде «тілдік жаһандану» деп аталатын термин пайда болды. Тілдік жаһанданудан туатын сын-қатер де бар, миноритар тілдердің жойылып кету қаупін тудырады.

Тілдік жаһандану қазіргі қоғамда әлемдік тіл ретінде бір тілдің үстемдігі жағдайында тілдердің өзара белсенді араласу процесін білдіреді. Ашық, жалпыға ортақ ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің пайда болуы мен дамуы әлемнің көптеген елдерінде билингвизм мен полилингвизмнің қарқынды дамуына қолайлы жағдай тудырды. Жаһандану идеясы жер шарының халқын біріктіретін біртұтас тіл ұғымымен

тығыз байланысты (Crystal, 2003). Қазіргі уақытта ағылшын тілі этносаралық, әлемдік коммуникация құралы бола отырып, lingua franca ретінде жетекші рөл атқарады (Jenkins, 2015). Белгілі британдық лингвист Дэвид Кристал (Crystal, 2003) еңбектерінде ағылшын тілін «жаһандық тіл» ретінде сипаттайды.

2023 жылы жүргізілген зерттеу бойынша дүниежүзінде ағылшын тілінде ана тілі немесе екінші тіл ретінде сөйлейтін шамамен 1,5 миллиард адамға жеткен. Одан кейін қытай тілінің диалектісі саналатын мандарин тілінде сөйлейтіндер 1,1 миллиард шамаға жеткен, үшінші орында хинди тілі, төртінші орынды испан тілі иеленген (Dyvik, 2024).

#### Материал мен әдістер

Жұмыстың материалдары ретінде қазіргі қазақ тілінде ағылшын тілінен енген кірме тілдік бірліктер egov.kz, inbusiness.kz сайттарынан, сонымен қатар қазақтілді әлеуметтік желі (Instagram, Threads) парақшаларынан алдынды. Жұмыс барысында цифрландыру үдерісі кезінде ағылшын тілінің қазақ тіліне әсерін анықтауда лингвистикалық бақылау, қазіргі тілдік жағдаят-

ты, ағылшын тілінің қазақстандық тілдік жағдаятта алатын орын зерделеуде сипаттау әдісі, қазақ тіліне ағылшын тілі арқылы енген сөздерді анықтауда жинақтау, жүйелеу, талдау әдістері қолданылды.

### Әдебиеттерге шолу

Әлем бойынша ағылшын тілі ғылымда, бизнесе, дипломатияда халықаралық тіл ретінде қолданылады және бұқаралық ақпараттық коммуникацияда, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерінде белсенді қолданылады. Компьютерлік технологиялар мен интернетті пайдаланушылары арасында ағылшын тілі әмбебап қатынас құралы ретінде қызмет атқарады. Ағылшын тілінің тез таралуының маңызды факторы Азия, Африка және Еуропада мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында ағылшын тілін кәсіби деңгейде және күнделікті коммуникация үшін қолданатын адамдар санының үнемі өсіп отыруы болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінің сөйлеушілері өзінің ана тілі ретінде емес (non-native English speakers), жаһандық тіл ретіндегі ағылшын тілінің көптеген коммуникативті түрінің нұсқаларында да қолданылады. Мысалы:

1) ағылшын тілі екінші тіл ретінде – ESL (English as a second language),

2) ағылшын тілі шет тілі ретінде – EFL (English as a Foreign Language),

3) ағылшын тілі лингва франка ретінде – ELF (English as a lingua franca).

Аталған ағылшын тілінің коммуникативті түрлері ана тілі ретіндегі ағылшын тілінен (ENL) қолданылуы жағынан да ерекшеленеді. Ағылшын тілінде ана тілі ретінде емес (non-native) сөйлеушілер бүгінде күнделікті тұрмыста, мәдениетаралық коммуникацияда қолдануы ағылшын тілін ана тілі ретінде сөйлейтіндерге (native) қарағанда едәуір өскен (Crystal, 2003).

Б. Качру ағылшын тілінің әлемдік нұсқаларын үш концентрлі шеңберге бөледі:

1) Ішкі шеңбер (The Inner Circle) ағылшын тілі ана тілі болып табылатын елдерді білдіреді: АҚШ, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия.

2) Сыртқы шеңбер (The Outer Circle) ағылшын тілі ерекше мәртебеге ие және lingua franca ретінде екінші тіл ретінде қолданылатын елдерді білдіреді: Сингапур, Үндістан, Малайзия, Филиппин және басқа елдер.

3) Кеңейу шеңбері (The Expanding Circle) ағылшын тілін үйренетін және шет тілі ретінде қолданылатын елдерді қамтиды: Орталық және Шығыс Еуропа елдері, Қытай, Жапония, Израиль, Грекия және т.б. (Kachru, 1985).

Ағылшын тілінің коммуникацияда көп қолданылатын түрлеріне байланысты ағылшын тілін білетін, меңгерген тұлғаларды «ағылшын тіл иелмендері» деп атаудан гөрі, ағылшын тілінде сөйлеушілер, сөйлейтіндер (English speakers) деп қалдыруды жөн көрдік. Әдетте мәдениетаралық және халықаралық коммуникацияда тілдік тұлға ағылшын тілін екінші тіл ретінде меңгереді.

Ағылшын тілінің бұрынғы колониалды елдерінде жергілікті тілдің араласу үдерісінің нәтижесінде пайда болған ағылшын тілінің New Englishes деген нұсқасы да бар. Қазіргі кезде екінші және үшінші шеңбердегі ағылшын тілінің көптеген аумақтық нұсқаларына қатысты қолданылатын World Englishes терминінің орнына Дженнифер Дженкинс ұсынған Global Englishes термині қолданыла бастады (Jenkins, 2015). Ғалымның пікірінше, бұл термин жаһандық коммуникация жағдайында жергілікті емес сөйлеушілер сөйлейтін ағылшын тілінің көптеген нұсқаларының кеңейуін дәлірек анықтайды. Лингвистикалық әдебиеттерде басқа тіл иелмендері қолданатын ағылшын тілінің ерекше сипаты кең тараған түрлері кездеседі:

денглиш – Denglisch, deutsch – немісше және englisch ,

франглиш/френглиш – frenglish, French – французша; English – ағылшынша

рунглиш / руслиш – Runglish

спанглиш – Espanglish немесе Spanglish

чанглиш – Changlish: Chinese English, Chinglish: Chinese English

жапанглиш – Japanglish, Japanese English

хинглиш – Hinglish: Hindustani language (Hindi) and English

синглиш – Singaporean English және т. б.

Хинглиш Үндістанда ғана қолданылып қоймай, Ұлыбританияда да қолданылады. Бұл тілде негізінен Үндістаннан келген мигранттар, үндістандық жастар сөйлейді екен.

Қазақстанда Qazglish ұғымы термин ретінде әлі пайда болған жоқ, себебі ресми статистикаға сүйенсек, Қазақстан азаматтарының арасында «ағылшын тілін еркін меңгердім деп есептейтін респонденттер 28,0 %-і құраса, оның ішінде небәрі 10 %-і ғана тілді жақсы меңгерген. 33,7 %-і ағылшын тілін мүлдем білмейді, 27,1 %-і кейбір сөздерді ғана түсінеді» (Қазақстан Республика-

сындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулер, 2023). Уақыт өте келе, қазіргі жаһандану және цифрландыру үдерістерінің қарқынды жүруімен, мемлекеттің жүргізіп отырған «үштілділік» саясаты арқасында, білім алуда ағылшын тілінің қолжетімділігі әсерінен Қазақстан азаматтары арасында ағылшынды білу деңгейі жаппай сипат алған жағдайда, толыққанды қазақ-ағылшын қостілділігі пайда болуы мүмкін. Қазіргі қазақ тілінде қазақ-ағылшын қостілділігі туралы көптеген зерттеуде Қазақстандағы оқу орындарында ағылшын тілінде білім алатын студенттер арасында жүргізілген зерттеулерге сүйенеді. Дегенмен де, қазіргі жастар арасында өзара коммуникацияда ағылшын сөздерін араластырып сөйлеу белең алған (*bro, easy, cringe, lol, ok, bullying, vibe, mood, chill, crush, childfree, m.б.*).

Ағылшын тілінің *lingua franca* ретіндегі бағым ұстанымы және онымен байланысты тілдік қатынас үдерістерінің күшеюі және билингвизм мен мультилингвизмнің жаппай таралуы ХХІ ғасырдағы лингвистердің назарына айналды. Қазіргі әлемде билингвизм жаппай сипат алған. Билингвизмнің пайда болуының бірден бір себебі әлеуметтік байланыстар болып есептеледі. Қоғамдық байланыстардың трансформациясы жағдайында тілдік қатынасқа түсетін ұлттар мен түрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік коммуникациялық мұқтажықтарына байланысты қостілді тұлғаның, қостілді әлеуметтік топтың, әлеуметтік түрлі қабаттың, ұлттың пайда болуына әкеледі. Бұл екінші тілдің қалыптасуы мен екінші тілді меңгеру деңгейімен сипатталатын маңызды әлеуметтік-лингвистикалық құбылыс ретінде саналады. Әлемдік кеңістікте 5000-нан астам тілдің иелмендері бары белгілі, бірақ әлем халқының тек 5 %-і екі тілді жетік біледі.

Қазіргі жаһандану заманында әлем тіл аралық және мәдениетаралық коммуникация қажеттілігінде адамдардың коммуникативтік мүмкіндіктерін кеңейту үрдісімен сипатталады. Сондықтан тілдік жаһандану кезеңінде қостілділік, тілдердің араласу мәселелері ерекше өзекті бола түсуде. Тілдік байланыстар теориясының негізін салушы У. Вайнрайх қостілділіктің үш негізгі түрін: координативті, аралас және бағынышты деп анықтайды (Вайнрайх, 2000). Қостілділіктің көптеген түрлері жеткілікті түрде егжей-тегжейлі зерттелген, дегенмен ғылыми сипаттауды қажет ететін көптеген қостілділік жағдаяттар мен тілдік байланыстардың тіркесімдерін зерттеу өзекті болып қала береді. Тілдік өзгерістер – тіл-

дің тарихи даму барысында тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде (фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, семантикалық) орын алатын өзгерістерді айтады. Тілдегі өзгерістер тілдердің араласуынан, тілдік қатынас, қостілділік, тілдік интерференция нәтижелерінен орын алып отыратын динамикалық өзгерістер болып табылады. Аталған тілдік құбылыстардың барлығы тірі тілдің құрылымдық жүйесіне өзгерістер енгізіп жатыр. Тілдік қатынас терминін ең алғаш ұсынған А.Мартинет (Martinet, 1972) болды. Тілдік қатынас термині У.Вайнрайхтың «*Language is contact*» еңбегі жарыққа шыққаннан кейін ғылыми айналымдағы қолданысы арта түсті (Вайнрайх, 2000). Бұл терминді 1926 жылы Л.В. Щерба да (Щерба, 1974) тілдердің араласуы туралы еңбегінде қолданған. Э. Хауген «тілдік қатынасты» тұлғалардың бір немесе бірнеше тілді кезекпен қолдану деп анықтайды (Хауген, 1972).

### Нәтижелер мен талқылау

*Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдаятқа қысқаша сипаттама.* Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзгеруі, елдегі тілдің жай-күйі мемлекеттің жүргізіп отырған тілдік саясатына тікелей байланысты. Қазақстандағы тілдік саясатты ұтымды жүргізуге бағытталған іс-шаралар мемлекет тарапынан кезең-кезеңімен жоспарлы түрде бірнеше мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар арқылы іске асып отырды:

- 1) Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы 1996 ж.;
- 2) Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы 1998 ж. (1998-2009).
- 3) Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2001 ж. (2001-2011)
- 4) ҚАЗТЕСТ жүйесін енгізу мен дамыту тұжырымдамасы 2008 ж. (2008-2011)
- 5) Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2018 ж.
- 6) Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2011 ж. (2011-2019)
- 7) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2019 ж. (2019-2023)
- 8) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған

тұжырымдамасы 2023 ж. және басқа да мемлекеттік бағдарламалар.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие бола тұра, 2000 жылдарға дейін белгілі бір аймақта қолданылатын «ауыл тілі» ретінде қолданылды. 2000 жылдан бері қарай қазақ тілінің қолданыс аясы қарқынды түрде арта бастады. Мұны Э.Д. Сүлейменова Қазақстандағы урбанизация үдерісінің қарқынды жүруімен түсіндіреді (Сүлейменова, 2023). Бүгінгі таңда тілдің кері ауысу (reversing language shift) қарқынды түрде жүруде әрі қазақ тілінің құзыреті айтарлықтай өскені байқалады (Фиерман, 2005). Мұндағы тілдің кері ауысу (reversing language shift) бұрын қолданылған тілге қайта оралу, яғни Қазақстанда посткеңістік тілдік жағдаятта орыс тілі басым тіл ретінде ұзақ жылдар бойы бұқаралық қолданыста болды, Қазақстан Тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің қолданыс динамикасының өсуіне байланысты қазақ тіліне ауысуды білдіреді.

2007 жылға дейін Қазақстанның тілдік жағдаятында қазақ, орыс тілдері қоғамда, мемлекеттік басқаруда негізгі рөл атқарды. 2007 жылы Қазақстанда білім беру жүйесіне ағылшын тілін енгізу мәселесі қарастырыла бастады. Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзгеруіне түрткі болған негізгі фактордың бірі ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске қосуды ұсынуы болды. «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. ..Ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп атап көрсетті (ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жолдауы, 2007). 2007 жылдан бастап Қазақстан үкіметі ағылшын тілін қоғамға енгізуді білім беру жүйесінен бастады. Қазақстанның білім беру жүйесінде ағылшын тілі міндетті пән ретінде оқытылатын болды. Елдегі коммерциялық, коммерциялық емес ұйымдарда ағылшын тілін жетік меңгерген мамандарға материалдық ынталандыру қарастырылды. Қазақстанда үш тілде білім беретін мектептер, оқу орындары ашылды, сонымен қатар тек ағылшын тілінде білім беретін ұйымдар да пайда болды.

«30 жыл ішінде үш айқын секіру үрдісі анықталды:

1. Қазақ мектептерінің оқушылар саны күрт өсті (32.35% → 66.0%).

2. Этникалық (ұйғыр, өзбек, тәжік және т.б.) және шет (ағылшын, түрік және т. б.) тілдерінде (2.6 % → 4.5%) білім алатын оқушылар саны айтарлықтай өсті.

3. Керісінше, орыс мектептерінің контингенті қысқарды (66.05% → 29.5%). Әрине, жаңа геосаяси жағдайда орыс тілінің өміршеңдігі мәселесі басқа әуенге ие болды: орыс тілі басым мәртебелік құқықтарынан айырылды. Бірақ билікте, техникада, бизнесте, медицинада, денсаулық сақтауда, ғылымда, білім беруде жинақталған инерция мен қолдану тәжірибесі және жаһандану мен ақпараттандыру сын-қатерлеріне икемді бейімделе алған орыс тілі өзінің жоғары тартымдылығын сақтады» (Сүлейменова, Аканова, 2023)

Қазақстан азаматтарының тілді меңгеру деңгейін анықтауда міндетті түрде тілдік статистикаға жүгінеміз. Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулер мәліметтерінен мынандай ақпарат алуға болады, *халықтың үш тілді* еркін меңгеру деңгейі орта есеппен 29,0%-і құрады, оның ішінде жақсы меңгергендер үлесі – 6,0%, 5,2 %-і еркін сөйлейді, бірақ нашар жазады; 5,0 %-і түсінеді және түсіндіре алады; 12,8%-і жақсы түсінеді, бірақ сөйлей алмайды. Мүлдем білмейтін респонденттер (Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулер, 2023). Бұл 2021 жылғы зерттеуге қарағанда ағылшын тілін меңгергендер саны 1% өскен.

Education First (EF) жыл сайынғы есебіне сәйкес, Қазақстан ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша көптеген елдерден артта қалып отыр. 2023 жылыдың қорытындысы бойынша әлемнің 114 елі арасында ағылшын тілін меңгеру индексі – 415, бұл ағылшын тілін меңгеру деңгейі «өте төмен» деген 105-ші орынды білдіреді. 2021 жылғы мәлімет бойынша ағылшын тілін меңгеру индексі – 426, 2022 жылы – 420 болған. (EF, 2023). Яғни жыл өткен сайын ағылшын тілін меңгеру индексі төмендеп отырған. Ал ағылшын тілін меңгеру сапасына қатысты көрсеткіш 2019 жылы IELTS мәліметтері бойынша 6,0 көрсетсе, 2023 жылғы мәліметте 6,3 көрсеткішке көтерілген (Ielts.org, 2024).

Education First ұсынған статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек, ағылшын тілін жетік меңгергендердің көбі Еуропа елдерінің халқы екенін байқауға болады:

**1-кесте** – ҚР азаматтарының тілдерді меңгеру деңгейі 2023, % (\*ақпарат Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулерінен алынды)

| Тілдерді меңгеру   | Мүлдем білмеймін | Кейбір сөздерді түсінемін | Жақсы түсінемін, бірақ сөйлемеймін | Түсінемін және түсіндіре аламын | Еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ нашар жазамын | Жақсы меңгергенмін | Тілдерді меңгеру деңгейі |
|--------------------|------------------|---------------------------|------------------------------------|---------------------------------|--|--------------------|--------------------------|
| Қазақ тілін        | 7,4              | 11,6                      | 6,8                                | 7,0                             | 18,5   | 48,7               | 81,0                     |
| Орыс тілін         | 0,5              | 8,9                       | 7,2                                | 20,3                            | 11,2   | 51,8               | 90,6                     |
| Ағылшын тілін      | 35,8             | 35,2                      | 12,8                               | 10,2                            | 1,0  | 5,0                | 29,0                     |
| Өз этносының тілін | -                | 3,4                       | 12,4                               | 5,2                             | 8,5  | 70,6               | 96,7                     |
| Үш тілді меңгеру   | 28,1             | 42,9                      | 12,8                               | 5,0                             | 5,2  | 6,0                | 29,0                     |

**2-кесте** – Әлемде ағылшын тілін жетік меңгерген 10 мемлекет

| Р/с | Мемлекет атауы  | Тілді меңгеру индексі |
|-----|-----------------|-----------------------|
|     | Нидерланды      | 647                   |
|     | Сингапур        | 631                   |
|     | Австрия         | 616                   |
|     | Дания           | 615                   |
|     | Норвегия        | 614                   |
|     | Швеция          | 609                   |
|     | Бельгия         | 608                   |
|     | Португалия      | 607                   |
|     | Оңтүстік Африка | 605                   |
|     | Германия        | 604                   |

Нидерланды, неміс, ағылшын тілдері үндіеуропа тілдерінің герман тобының батыс-герман бұтағына жатады, дат, швед, норвеж тілдері герман тобының солтүстік-герман (скандинавтық) бұтағына кіреді. Португал тілі роман тілдер тобына жатады. Яғни генеологиялық жағынан туыстас тілдер арасында ағылшын тілін жетік меңгеру дәрежесі жоғары екенін көрсетеді. Ал қазақ тілі алтай тілдер семьясының түркі тілдер тобына жатады. Типологиялық бөлінісі бойынша герман, роман тобындағы тілдер флективті, ал қазақ тілі жалғамалы тіл болып саналады. Генеологиялық туыстығы жоқ, типологиялық құрылымы әртүрлі тілді меңгеру тілдік тұлғаны түрлі тілдік кедергіге тап болатыны белгілі.

Сонымен қатар, Қазақстандағы білім алушылардың ағылшын тілінің меңгеру деңгейінің төмендігін посткеңестік елдерде бұрынғы жүргізілген кеңестік саясаттың салдарынан орыс тілінің ықпалды екенімен байланыстырады. «Алайда, елде ағылшын тілінің таралуына қатысты белгілі бір дәрежеде маңызды болатын сыртқы факторлардың жиынтығы бар екенін мойындау керек. Жалпы алғанда, бұрынғы Кеңес республикаларында ағылшын тілін білу деңгейі Батыс елдеріне қарағанда төмен» (Маханов, 2021).

*Қазақстандағы ағылшын тілінің рөлі.* Дегенмен де, қазақтар үшін ағылшын тілін меңгеру қиындық тудырса да, Қазақстанда жастар арасында ағылшын тіліне үмтылыс байқалады. Әлемдік экономикаға кірігу және қоғамдық қызметтерді цифрландыру саясатына байланысты елде ағылшын тіліне деген қажеттілікті, сұранысты туғызды. Қазақстанда ағылшын тілінің ықпалын арттыратын салалар:

1) Мемлекеттік саясат және білім, ғылым саласы:

- үштілділік саясатын Қазақстан 2007 жылдан бері жүргізіп келеді: Қазақстанда білім берудің үштілді моделі белсенді түрде ілгерілеуде, оған сәйкес халық қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі тиіс. Бұл бастама Қазақстанның халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

- орта және жоғары білім беру саласындағы ағылшын тілі: көптеген мектеп пен университеттер оқушы кезінен бастап ағылшын тілін оқытады. Орта мектепте информатика, физика және

химия сияқты жаратылыстану пәндері көбінесе ағылшын тілінде оқытылады, бұл студенттерге халықаралық білімге жақсы дайындалуға көмектеседі.

- «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы: шетелде оқу үшін берілетін стипендия. Әлемнің жетекші университеттерінде ағылшын тілінде білім алуға мүмкіндік береді, ағылшынды жетік меңгерген жастар Қазақстанда түрлі салаларды дамытуға көмектеседі деген жастарға мемлекет тарапынан жасалған инвестиция.

2) Халықаралық байланыс және халықаралық сауда:

- Бизнес және экономика: ағылшын тілін білу шетелдік компанияларда және қаржы, технология және халықаралық сауда сияқты салаларда жұмыс істейтін мамандар арасында сұранысқа ие. Көптеген шетелдік компаниялар мен олардың филиалдары Қазақстанда жұмыс істейді, ал қызметкерлер ағылшын тілін қарым-қатынас тілі ретінде жиі пайдаланады.

- IT-технологиялар және цифрландыру: IT және технологиялар саласында IT әзірлеме жасаушылар, бағдарламашылар және инженерлер үшін негізгі тілге айналды. Себебі техникалық құжаттаманың, бағдарламалық жасақтаманың және оқыту ресурстарының көпшілігі ағылшын тілінде қолжетімді.

3) Халықтың әлеуметтік-мәдени өмірі:

- Қазақстандағы жастар ағылшын сөздері мен сөз тіркестерін, әсіресе әлеуметтік желілерде және күнделікті сөйлеу тілінде белсенді қолданады. Ағылшын тілін білу қазіргі уақытта заман талабы болып есептеледі. Жастар арасында ағылшын тілін білу «мода», әрі мансапта бедел және мансаптық жоғарылау мүмкіндіктеріне жол ашатын «көпір» деп саналады.

- поп-мәдениет: ағылшын тіліндегі фильмдер, музыка, сериалдар және әлеуметтік медиа Қазақстанда ағылшын тілінің таралуын арттыруға ықпал етеді. Көптеген қазақстандық блогерлер әлеуметтік желілерде ағылшын тілінде пост, видеолар жариялайды, бұл көпшіліктің тілге деген қызығушылығын арттырады.

- Instagram, TikTok, және Facebook сияқты халықаралық платформалар сияқты әлеуметтік желілер мен медиа ағылшын тілінен енген сөздердің таралуына ықпал етеді. Нәтижесінде көптеген қазақ блогерлері мен танымал, ықпалды тұлғалар өнімдерді, кәсіптер мен трендтерді сипаттау үшін ағылшын сөздерін пайдаланады. Кейбір блогерлер эфир бары-

сында қолданған ағылшын сөздеріне тоқталып, қандай мағына беретінін оқырмандарына түсіндіріп отырады.

4) Ағылшын тілінен енген кірме сөздер және қазақ-ағылшын тілдеріндегі кей дыбыстардың өзара ұқсастығы ағылшын тілін меңгерген қазақтілді тілдік тұлғаға ағылшын тілінде акцентсіз сөйлеуге мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі *ө, з, қ, ң, ө, ү, ү, һ* дыбыстар ағылшын сөздерінде жиі дыбысталады.

Сонымен қатар қазіргі жастар тілінде ағылшын тіліндегі сөзге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап айту үрдісі алып келеді: *вайб-ты, интенсив-ке, юзер-мен,-ден, -ге, подкаст-қа, -пен, -тан, троллер-лер, френд-ім, хейтер-лер, хайшы т.б.* Цифрландыру үдерісіне қатысты ағылшын тілінен енген сөздерге қазақ тіліндегі *-лық, -лік, -дық, -дік, -ды -ді -ты -ті* жұрнағы арқылы жаңа сөз тудыру жиі кездеседі. Мысалы: *венчурлік (капитал, сала), мобиль-дік (банкинг, төлемдер), электрон-дық (мемлекет, сауда, коммерция, төлем, ақша).*

*Цифрландыру үдерісінде қазақ тіліне ағылшын тілі арқылы енген сөздер.* 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында ағылшын тілін меңгерген IT-мамандарға сұраныс күрт артты. Қоғамда ағылшын тілінің қажеттілігі сезіле бастады.

Цифрландыру үдерісіне қатысты қазақ тіліне бірқатар жаңа сөздер қолданысқа енді. Ағылшын тілі арқылы енген жаңа тілдік бірліктердің сөзжасамдық құрамы әртүрлі. Лексикалық бірлік ретінде бір сөзден, сөз тіркесінен, сөздердің бірігуі, кірігуі арқылы да жасалған. Жеке тілдік бірлік ретінде ағылшын тілінен енген, тіл иелмендерінің қолданысында жиі кездесетін сөздер: *акаунт, алгоритм, апгрейд, аркада, байт, бакэнд, бан, бекап, бенчмарк, бета, бит, биткойн, блокчейн, блог, блогер, бот, браузер, брендмауэр, бренд, брендинг, брифинг, бюджет, веб, веб-сайт, вебкамера, вебинар, верификация, виджет, видеочат, вирус, влог, воркшоп, гаджет, гейминг, геймер, гиг, гигабайт, гигагерц, графика, баг, девелопмент, девайс, дизайн, дизайнер, диск, докер, домен, донат, драйвер, дрон, дрон, емейл, зип, зум, ЖИ (жасанды интеллект), имейл, импорт, инсайт, инсталл, ит-бөлім, кадинг, кампейн, кампус, кастомизация, кастом, кибер, киберспорт, клауд, клиент-сервер, клик, клиринг, контент, копирайт, копирайтер, крипта, криптовалюта, кэш, лайк, лайв,*

*лайт, лендос, линк, листинг, логин, локализация, лэндинг, майнинг, навигация, натив, нетворк, ноутбук, оффер, пад, патч, пиксель, плейлист, плеер, плагин, подкаст, пост, постинг, прокси, профит, рандом, рендеринг, репост, ретвит, скрипт, софт, спам, сторис, стрим, стример, таргетинг, трекер, трейлер, трейдинг, твит, тротлинг, фейк, т.с.с.*

Сөздердің тіркесуі бір сыңары ағылшын тілінен енген сөз, екінші сыңары қазақ тіліндегі сөз арқылы жасалған тілдік бірліктерді қазіргі лингвистикалық еңбектерде «гибрид сөздер» деп атап жүр.

Қазақ тіліне ағылшын тілінен енген сөздердің көбі – цифрландыруға қатысты пайда болған термин сөздер. Ондай сөздердің көбі қазақ тіліне аударылмай, сол қалпында еніп кеткен. Мұндай терминдерді IT, банк саласында қысқартып қолдану жиі кездеседі.

*ADSL (asymmetric digital subscriber line)*

*API (application programming interface),*

*B2B (Business to Business),*

*CDO (chief digital officer),*

*G2B (Government-to-Business),*

*G2C (Government-to-Citizen),*

*G2G (Government-to-Government),*

*P2P (People- 2- People)*

*ICT (information and communications technology),*

*IoT (Internet of Things),*

*STEM (Science, technology, engineering, and mathematic)* (Серикбаева, 2023).

Ресми емес мәліметтерге бойынша ағылшын тілінен қазақ тіліне күніне кемі 1000 сөз термин ретінде енеді. Қазіргі қазақ тіліндегі үлкен мәселе ағылшын тілі арқылы енген кірме сөздердің жазылу нормасы, кодификациясы болып табылады. Қазақ тіл иелмендері арасында кірме сөздердің, әсіресе ағылшын тілінен енген сөздердің таңбалануы белгілі бір дәрежеде қиындық тудырады. Ағылшын тілінен енген кірме сөздерді жазылуындағы қиындықтарды әлеуметтік желілерде қалдырған тіл иелмендерінің жазба-пікірлерінен байқауға болады. Әлеуметтік желілерде халықтың көбі орфографиялық қатемен жазады.

## Қорытынды

Жаһандық тіл ретінде ағылшын тілі қазіргі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі барлық салаға еніп жатыр. IT технология саласында негізгі терминдер ағылшын тілінен кіріп жатыр. Жаһандану мен мемлекетті цифрландыру үдерістерінің қарқынды жүруіне байланысты ағылшын тілінің қазақ тіліне әсері арта бермек. Геосаяси және экономикалық жағдайларға байланысты орыс тілі өз позициясын жоғалта бастауынан әрі Қазақстанды цифрландыру бағдарламаларының қарқынды жүруіне байланысты ағылшын тілі ұзақ уақыт аралығында Қазақстанда орыс тілін жартылай ығыстыруы мүмкін, толықтай ығыстыруға тіл иелмендерінің тілдік құзыреті мүмкіндік тудырмайды. Өйткені Қазақстанда тіл иелмендерінің санасында ағылшын тілі үшінші тіл ретінде орнығып қалған. Дегенмен ағылшын тілі жаһандық тіл ретінде, сонымен қатар әлемде үстем тіл ретінде әлем бойынша «әлсіз» тілдерді жұтып алу қаупін төндіреді. Ағылшын тілінің Қазақстанға білім беру, ғылым, сауда, экономика, технология салалары арқылы ақырындап еніп келе жатыр. Заманауи технологиялардың дамуына, әлемдік экономикаға кірігу үдерісінде коммуникативті қажеттіліктерді өтеуде ағылшын тілінің қарқыны арта бермек. Бұл қазақ тіліне, тілдік құрылымына түрлі өзгерістердің пайда болуына түрткі болды. Тілдердің араласуында ағылшын тіліне қатысты әлемдік практикада орын алған тілдік өзгерістерге сәйкес қазақ тілінде де ағылшын тілінің әсерінен жапанглиш, хинглиш, чанглиш сияқты qazglish қазақ-ағылшын қостілділігі орын алуы мүмкін. Себебі IT және цифрлық технологиялар әлемдік коммуникацияда тілдік үдерістердің жылдам жүруіне қолайлы жағдай туғызып отыр.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрілігі Ғылым комитетінің ЖТН АР19175847 «Цифрлық Қазақстан үдерісінде мемлекеттік тілдің дамуы: социоллингвистикалық зерттеу» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.*

## Әдебиеттер

Crystal D. English as a global language. – 2 nd ed. – Cambridge, 2003. – 212 p.

Jenkins J. Global Englishes: A resource book for students. – 3 rd ed. – L.; N.Y., 2015. – 280 p.

Dyvik E.H. The most spoken languages worldwide 2023 [Электронный ресурс] – URL: <https://www.statista.com/statistics/266808/the-most-spoken-languages-worldwide/> (Дата обращения: 25.07.2024)



Kachru, B. Standards, codification and sociolinguistic realism: English language in the outer circle. In R. Quirk and H. Widowsen (Eds.), *English in the world: Teaching and learning the language and literatures* (p. 11-36). – Cambridge: Cambridge University Press, 1985.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулер / Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті, «EcoVid» ЖК. – Астана, 2023 жыл, 131-бет.

Вайнрах У. Языковые контакты. Состояние и проблемы исследования. – Благовещенск, 2000. – 264 с.

Martinet A. “The language usage and structural linguistics” // *New Facts in Linguistics*, 1972 – Vol.6. – P. 81-93.

Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Изд. 4-е. – Л., 1974. – 432 с.

Хауген Э. Языковой контакт // *Новое в зарубежной лингвистике*. – М., 1972. – Вып. 6: Языковые контакты. – С. 61–80.

Suleimenova E., Akanova D. Русский язык в доминантной коммуникативной сфере образования Казахстана. *Chinese Journal of Slavic Studies*. – 2023. – Vol. 3(1). – P. 68-85. <https://doi.org/10.1515/cjss-2023-0002>

Фиерман У. Поворот языкового сдвига в Казахстане // *Этнографическое обозрение*. – Vol. (6). – P. 52-53.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» 28 ақпан 2007 ж. [Электронный ресурс] – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_) (Дата обращения: 28.07.2024)

Education First, EF (2024) English Proficiency Index by Country 2024 [Электронный ресурс] – URL: <https://worldpopulationreview.com/country-rankings/ef-english-proficiency-index-by-country> (Дата обращения: 28.07.2024)

Ielts.org Test statistics [Электронный ресурс] – URL: <https://ielts.org/researchers/our-research/test-statistics> (Дата обращения: 28.07.2024)

Маханов К. Английский язык как необходимость для развития Казахстана [Электронный ресурс] – URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/english-language-as-a-prerequisite-for-the-development-of-kazakhstan/?lang=ru> (Дата обращения: 28.07.2024)

Серикбаева А. Қазақстанды цифрландырудағы мемлекеттік тілдің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктері // *TILTANYM*. – 2023. – Vol. (3). – P. 184-191. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-184-191>

## References

«Zhana alemdegi zhana Qazaqstan» Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.Nazarbaevtyн Qazaqstan halkyna Zholdauy [Address of the president of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people of Kazakhstan “New Kazakhstan in a new world”]. (2007). [Electronic resource]. URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_) (Date of use: 28.07.2024) (in Kazakh)

Crystal, D. (2003). *English as a global language*. 2 nd ed. Cambridge.

Dyvik, E.H. (2023). The most spoken languages worldwide 2023 [Electronic resource]. URL: <https://www.statista.com/statistics/266808/the-most-spoken-languages-worldwide/> (Date of use: 25.07.2024)

Education First, EF (2024). English Proficiency Index by Country 2024 [Electronic resource]. URL: <https://worldpopulationreview.com/country-rankings/ef-english-proficiency-index-by-country> (Date of use: 28.07.2024)

Fierman U. (2005). Povорот yazykovogo sdviga v Kazahstane [The turn of the language shift in Kazakhstan]. *Etnograficheskoe obozrenie*, Vol.6, P. 52-53. (in Russian)

Haugen, E. (1972). Yazykovoj kontakt [Linguistic contact]. *Novoe v zarubezhnoj lingvistike* [New in foreign linguistics]. Moscow, Iss. 6: Yazykovye kontakty [Language contacts]. P. 61-80. (in Russian)

Ielts.org (2024). Test statistics [Electronic resource]. URL: <https://ielts.org/researchers/our-research/test-statistics> (Date of use: 28.07.2024)

Jenkins, J. (2015). *Global Englishes: A resource book for students*. 3 rd ed. L.; N.Y.

Kachru, B. (1985). Standards, codification and sociolinguistic realism: English language in the outer circle. In R. Quirk and H. Widowsen (Eds.), *English in the world: Teaching and learning the language and literatures*. Cambridge: Cambridge University Press.

Mahanov K. (2021). Anglijskij yazyk kak neobhodimost' dlya razvitiya Kazahstana [English as a necessity for the development of Kazakhstan] [Electronic resource]. URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/english-language-as-a-prerequisite-for-the-development-of-kazakhstan/?lang=ru> (Date of use: 28.07.2024) (in Russian)

Martinet, A. (1972). “The language usage and structural linguistics”. *New Facts in Linguistics*, Vol. 6, P. 81-93.

Qazaqstan Respublikasyndagy til saiasaty maseleleri boynsha aleumettik jane analitikalyk zertteuler (2023). [Social and analytical research on the problems of language policy in the Republic of Kazakhstan]/ Qazaqstan Respublikasy Gylym jane jogary bilim ministriginin Til saiasaty komiteti, «EcoVid» JK. Astana. (in Kazakh)

Serikbayeva, A. (2023). Qazaqstandy cifrlandyrudagy memlekettik tildin aleumettik-lingvistikalik erekshelikteri [Socio-linguistic features of the state language in the digitalization of Kazakhstan]. *TILTANYM*. Vol. 3, P. 184-191. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-184-191> (in Kazakh)

Shcherba, L.V. (1974). Yazykovaya sistema i rechevaya deyatel'nost' [The language system and speech activity] 4-e ed. L. (in Russian)

Suleimenova, E., Akanova, D. (2023). Russkij yazyk v dominantnoj kommunikativnoj sfere obrazovaniya Kazahstana [The Russian language in the dominant communicative sphere of education in Kazakhstan]. *Chinese Journal of Slavic Studies*, Vol. 3(1), P. 68-85. <https://doi.org/10.1515/cjss-2023-0002> (in Russian)

Vajnrajh, U. (2000). Yazykovye kontakty. Sostoyanie i problemy issledovaniya [Language contacts. The state and problems of the study] *Blagoveshchensk*. (in Russian)

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Серикбаева Айжан Дүйсенбаевна (корреспондент автор) – постдокторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: sd\_aizhan@mail.ru);*

*Душаева Камила Мұратқызы – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: dushaeva.kamilya@mail.ru).*

**Information about the authors:**

*Serikbayeva Aizhan Duisenbayevna (corresponding author) – postdoctoral student Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sd\_aizhan@mail.ru);*

*Dushaeva Kamila Muratovna – doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dushaeva.kamilya@mail.ru).*

*Келін түсті: 29 мамыр 2024 жыл.  
Қабылданды: 27 қараша 2024 жыл.*